

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің заем беру ниеті туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" және "2000 жылғы 21 желтоқсандағы Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 наурыз N 334

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің заем беру ниеті туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" және "2000 жылғы 21 желтоқсандағы Жапония Халықаралық

Ынтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің заем беру ниеті туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы

2000 жылғы 1 сәуірде Алматы қаласында жасалған Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің заем беру ниеті туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ

2000 жылдың 1 сәуірі
Алматы

Пікірсайыс хаттамасы

Қазақстан Республикасындағы экономикалық тұрақтылық пен даму процесін қолдау мақсатында Жапонияның займ беру мәселелері жөніндегі 2000 жылдың 1 сәуірдегі Ноталар Алмасуға (бұл жерде және бұдан әрі "Ноталар Алмасу") байланысты жапондық және қазақстандық делегациялардың өкілдері мыналарды атап өтуді қ а л а й д ы :

1. Ноталар Алмасудың 1 тармағында аталған Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасының (бұл жерде және бұдан әрі "Жоба") орындалуына байланысты келісілген талаптарды қолайлы ұлттық валютасында қаржыландыруға қатысы бар Ноталар Алмасудың 3 тармағының (3) тармақшасына қатысты жапондық делегацияның ө к і л і :

(1) жалпы әкімшілік шығыстар, құрылыс кезіндегі пайыздар, салықтар мен төлемдер, кеңсені ұстауға қатысты шығындар, Жобаның орындалуына тікелей байланысы жоқ атқарушы агенттік қызметкерлеріне жалақы төлеу және тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ меншікке жер сатып алу, өтемақы төлеу және басқа да сол сияқты Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қойылатын талаптар, солай бола тұра Ноталар Алмасудың 1 тармағында аталған заемның (бұл жерде және бұдан әрі "Заем") қаражатына қолайлы ретінде қарастырылмауы тиіс; және

(2) өнімдерді және/немесе көрсетілетін қызметті сатып алу мұндай рәсімдердің қолданылмайтындығы және орынсыздығы жағдайларын қоспағанда, бәсекелесті тендер рәсімдеріне сәйкес жүргізілуі тиіс деп мәлімдеді.

2. Заем жөнінде жапондық делегацияның өкілі Ноталар Алмасудың 2 тармағының (1) тармақшасында аталған займ туралы келісім бойынша берілген Заемның сомасынан асатын Жоба бойынша кез-келген қаржылық талаптарды Жобаның ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті сипатта

қанағаттандыратынын

мәлімдеді.

3. Ноталар Алмасудың 3 тармағының (1) тармақшасы жөнінде екі Делегация келісілген елдің консультанттары тараптардың келісілген елдерінің азаматтарынан немесе аталған елдердің азаматтары бақылайтын заңды тұлғаларынан тұратыны туралы пікірді бөлісті.

4. Ноталар Алмасудың 8 тармағы жөнінде жапондық делегацияның өкілі кез-келген ұсыныстар, сыйлықтар мен төлемдер, қарау немесе пайда көру фактілеріне жол бермеу жөніндегі қажетті шаралар қолданылатындығын мәлімдеді. Ноталар алмасудың 3 тармағында аталып өткен жасалған шарттарға

қатысты ынталандыру немесе сыйақылық сипаттағы осындай іс-әрекеттер Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық фактілері нәтижесінде туындауы мүмкін.

5. Қазақстандық делегацияның өкілі жоғарыдағы 1, 2 және 4 тармақтарда аталған жапондық делегацияның мәлімдемесі бойынша оның Делегациясында қарсылық жоқ екенін мәлімдеді.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы
Сыртқы істер министрі Жапонияның
Төтенше және Өкілетті Елшісі

Қазақстан Республикасының нотасы

2000 жылдың 1 сәуірі
Алматы

Жоғары Мәртебелі,

Мен Қазақстан Республикасындағы экономикалық тұрақтылықты және даму процесін қолдау мақсатында Жапония займын беру мәселесі жөніндегі Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері арасында таяуда қол жеткізілген мынадай келісімді растау құрметіне ие болып отырмын:

1. Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын (бұл жерде және бұдан әрі "Жоба" деп аталады) орындау үшін Жапонияның Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (бұл жерде және бұдан әрі "Банк" деп аталады) Жапонияның заңдарына сәйкес

Қазақстан Республикасының Үкіметіне жалпы сомасы он алты миллиард бес жүз отыз тоғыз миллион жапон иені (Ү 16 539 000 000) болатын заем (бұл жерде және бұдан әрі "Заем" деп аталады) беретін болады.

2. Заем Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Банк арасында жасалған заем туралы келісімге сәйкес пайдалануға ашық болады. Заемның кезеңі мен шарттары, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі рәсімдер мынадай қағидаттарды ұстанатын аталған заем туралы келісімге сәйкес анықталатын болады:

(а) (і) төлемнің мерзімі он (10) жылдық жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін жиырма (20) жылды құрайтын болады;

(іі) пайыздық төлем бәсі жылына екі бүтін оннан екіні (2,2%) құрайтын болады;

(б) Жоғарыда жазылған (а) тармақшасының шарттарына қарамастан, Заемның бір бөлігімен пайдалану консультанттарының шығыстарын жабуға болатын жағдайда:

(і) аталған бөлік бойынша төлемнің мерзімі он (10) жылдық жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін отыз (30) жылды құрайтын болады;

(іі) аталған бөлік бойынша пайыздық төлем бәсі жылына нөл бүтін жүзден жетпіс бесті (0,75%) құрайтын болады; және

(в) Заем туралы аталған келісім күшіне енген сәттен бастап, Заем жеті (7) жылдың ішінде берілетін болады.

Қазақстан Республикасындағы
Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі

(2) Жоғарыда, осы тармақтың (1) тармақшасында аталған Заем туралы келісім қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алатын Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін Банк дұрыс деп қарағаннан кейін жасалатын болады;

(3) Жоғарыда, осы (в) тармақтың (1) тармақшасында аталған Заем берудің кезеңі екі Үкіметтің уәкілетті билік орындарының келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. Заемның қаражаты қазақстандық атқарушы агенттіктің жеткізушілер, елдердің келісілген тізбесінің атынан шығатын келісім-шартты ұйымдар және/немесе консультанттар алдындағы, осындай өнім тізбемен келісілген елдерде өндірілген және/немесе қызмет тізбемен келісілген елдерде көрсетілген жағдайда Жобаны орындауға қажетті өнімдерді және/немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуға олардың арасында туындауы мүмкін келісімшарттар бойынша төлемдерді жабу үшін ашық болады.

(2) Жоғарыда, (1) тармақшада аталған елдердің тізбесі екі елдің Үкіметтің уәкілетті билік орындары арасында келісілетін болады.

(3) Заемның бір бөлігі Жобаны орындауға байланысты талаптарды жабу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі (3) тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімдер және/немесе көрсетілетін қызметтер Банктің сатып алу жөнінде жазылған ережелеріне сәйкес және рәсімнің қолданылмайтындығы немесе орынсыздығы жағдайларын қоспағанда одан әрі халықаралық тендер өткізу рәсімі арқылы сатылып алынатындығына кепілдік береді.

5. Заем бойынша сатылып алынған өнімдердің теңіздік тасымалы мен теңіздік сақтандырылуына қатысты, Қазақстан Республикасының Үкіметі теңіздік көліктік және сақтандырушы компаниялардың арасындағы адал және еркін бәсекеге кедергі келтіруі мүмкін кез келген шектеулерден тартынады.

6. (3) тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуге байланысты Қазақстан Республикасында қызметі қажет болатын жапон азаматтарына жұмыстарын орындауы үшін Қазақстан Республикасына келуі мен онда тұруы үшін қажетті жағдайлар жасалатын болады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Банкті Қазақстан Республикасында оған және/немесе Заемға байланысты, сондай-ақ ол бойынша пайыздарға салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан;

(б) Жеткізушілер, келісімшартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компанияларды Заем бойынша өнімдер жеткізуден және/немесе қызмет көрсетуден түсетін кіріске қатысты оларға Қазақстан Республикасында салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан;

(в) Келісімшартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компанияларды Жобаны орындау үшін талап етілетін өз материалдары мен құрал-жабдықтарының импорты мен реэкспортына қатысты Қазақстан Республикасындағы барлық төлемдер мен салықтық баждардан; және

(г) Жобаны жүзеге асыруға тартылған жапондық жұмысшыларды жеткізушілер, келісімшартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компаниялардың төлемінен алынған жеке кірістеріне қатысты оларға Қазақстан Республикасында салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан босатады.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай қажетті шараларды қолданады:

(а) Заем тиісті түрде және тек қана Жобаның орындалуы үшін пайдаланылатын болады; және

(б) Заемның қаражатына салынған объектілер осы Келісімде сипатталған мақсаттар үшін тиімді және тиісті түрде пайдаланылатын және күтіліп ұсталатын болады.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі сұрауға сәйкес, Жапонияның Үкіметі мен Банкті Жобаның орындалу барысы туралы ақпаратпен және деректермен қамтамасыз ететін болады.

10. Екі Үкімет аталған келісімнен туындайтын немесе оған байланысты кез келген мәселе бойынша өзара консультациялар өткізетін болады.

Мен, сонымен қатар, осы нота және Жоғары Мәртебелі Сіздің Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда жазылғандарды растайтын нотаңыз осындай келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жазбаша хабарламасын

Жапонияның Үкіметі алғаннан кейін күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісімнің жасалуы деп саналуын ұсыну құрметіне ие болып отырмын.

Мен мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебеліге менің ең қымбат құрмет сезімді білдірген сендірулерімді тағы да жеткізгім келеді.

Қазақстан Республикасындағы
Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі

Бейресми аударма

Жапонияның нотасы

2000 жылдың 1 сәуірі
Алматы

Жоғары Мәртебелі,

Мен Қазақстан Республикасындағы экономикалық тұрақтылықты және даму процесін қолдау мақсатында Жапония займын беру мәселесі жөніндегі Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері арасында таяуда қол жеткізілген мынадай келісімді растау құрметіне ие болып отырмын:

1. Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын (бұл жерде және бұдан әрі "Жоба" деп аталады) орындау үшін Жапонияның Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (бұл жерде және бұдан әрі "Банк" деп аталады) Жапонияның заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне жалпы сомасы он алты миллиард бес жүз отыз тоғыз миллион жапон иені (Ү 16 539 000 000) болатын заем (бұл жерде және бұдан әрі "Заем" деп аталады) беретін болады.

2. Заем Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Банк арасында жасалған заем туралы келісімге сәйкес пайдалануға ашық болады. Заемның кезеңі мен шарттары, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі рәсімдер мынадай қағидаттарды ұстанатын аталған

заем туралы келісімге сәйкес анықталатын болады:

(а) (i) төлемнің мерзімі он (10) жылдық жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін жиырма (20) жылды құрайтын болады;

(ii) пайыздық төлем бәсі жылына екі бүтін оннан екіні (2,2%) құрайтын болады;

(б) Жоғарыда жазылған (а) тармақшасының шарттарына қарамастан, Заемның бір бөлігімен пайдалану консультанттарының шығыстарын жабуға болатын жағдайда:

(i) аталған бөлік бойынша төлемнің мерзімі он (10) жылдық жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін отыз (30) жылды құрайтын болады;

(ii) аталған бөлік бойынша пайыздық төлем бәсі жылына нөл бүтін жүзден жетпіс бесті (0,75%) құрайтын болады; және

(в) Заем туралы аталған келісім күшіне енген сәттен бастап, Заем жеті (7) жылдың ішінде берілетін болады.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

(2) Жоғарыда, осы тармақтың (1) тармақшасында аталған Заем туралы келісім қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алатын Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін Банк дұрыс деп қарағаннан кейін жасалатын болады;

(3) Жоғарыда, осы (в) тармақтың (1) тармақшасында аталған Заем берудің кезеңі екі Үкіметтің уәкілетті билік орындарының келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. (1) Заемның қаражаты қазақстандық атқарушы агенттіктің жеткізушілер, елдердің келісілген тізбесінің атынан шығатын келісім-шартты ұйымдар және/немесе консультанттар алдындағы, осындай өнім тізбемен келісілген елдерде өндірілген және/немесе қызмет тізбемен келісілген елдерде көрсетілген жағдайда Жобаны орындауға қажетті өнімдерді және/немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуға олардың арасында туындауы мүмкін келісімшарттар бойынша төлемдерді жабу үшін ашық болады.

(2) Жоғарыда, (1) тармақшада аталған елдердің тізбесі екі елдің Үкіметтің уәкілетті билік орындары арасында келісілетін болады.

(3) Заемның бір бөлігі Жобаны орындауға байланысты талаптарды жабу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі (3) тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімдер және/немесе көрсетілетін қызметтер Банктің сатып алу жөнінде жазылған ережелеріне сәйкес және рәсімнің қолданылмайтындығы немесе орынсыздығы жағдайларын қоспағанда, одан әрі халықаралық тендер өткізу рәсімі арқылы сатылып алынатындығына кепілдік береді.

5. Заем бойынша сатылып алынған өнімдердің теңіздік тасымалы мен теңіздік

сақтандырылуына қатысты, Қазақстан Республикасының Үкіметі теңіздік көліктік және сақтандырушы компаниялардың арасындағы адал және еркін бәсекеге кедергі келтіруі мүмкін кез келген шектеулерден тартынады.

6. (3) тармақтың (1) тармақшасында аталған өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуге байланысты Қазақстан Республикасында қызметі қажет болатын жапон азаматтарына жұмыстарын орындауы үшін Қазақстан Республикасына келуі мен онда тұруы үшін қажетті жағдайлар жасалатын болады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Банкті Қазақстан Республикасында оған және/немесе Заемға байланысты, сондай-ақ ол бойынша пайыздарға салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан;

(б) Жеткізушілер, келісімшартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компанияларды Заем бойынша өнімдер жеткізуден және/немесе қызмет көрсетуден түсетін кіріске қатысты оларға Қазақстан Республикасында салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан;

(в) Келісімшартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компанияларды Жобаны орындау үшін талап етілетін өз материалдары мен құрал-жабдықтарының импорты мен реэкспортына қатысты Қазақстан Республикасындағы барлық төлемдер мен салықтық баждардан; және

(г) Жобаны жүзеге асыруға тартылған жапондық жұмысшыларды жеткізушілер, келісімшартты ұйымдар және/немесе консультанттар болып табылатын Жапондық компаниялардың төлемінен алынған жеке кірістеріне қатысты оларға Қазақстан Республикасында салынатын барлық қазыналық төлемдер мен салықтардан босатады.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай қажетті шараларды қолданады:

(а) Заем тиісті түрде және тек қана Жобаның орындалуы үшін пайдаланылатын болады; және

(б) Заемның қаражатына салынған объектілер осы Келісімде сипатталған мақсаттар үшін тиімді және тиісті түрде пайдаланылатын және күтіліп ұсталатын болады.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі сұрауға сәйкес, Жапонияның Үкіметі мен Банкті Жобаның орындалу барысы туралы ақпаратпен және деректермен қамтамасыз ететін болады.

10. Екі Үкімет аталған келісімнен туындайтын немесе оған байланысты кез келген мәселе бойынша өзара консультациялар өткізетін болады.

Мен, сонымен қатар, осы нота және Жоғары Мәртебелі Сіздің Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда жазылғандарды растайтын нотаңыз осындай келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жазбаша хабарламасын Жапонияның Үкіметі алғаннан кейін күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісімнің жасалуы деп

саналуын ұсыну құрметіне ие болып отырмын.

Мен мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебеліге менің ең қымбат құрмет сезімімді білдірген сендірулерімді тағы да жеткізгім келеді".

Мен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда баяндалғандармен келісетінін және, Жоғары Мәртебелінің нотасы мен осы жауап нота осындай келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жазбаша хабарламасын Жапонияның Үкіметі алғаннан кейін күшіне

енетін екі Үкімет арасындағы келісімнің жасалуы деп саналатынына келісімін білдіретінін растағым келеді.

Мен мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебеліге менің ең қымбат құрмет сезімімді білдірген сендірулерімді тағы да жеткізгім келеді.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

2000 жылғы 21 желтоқсандағы Жапония Халықаралық
Ынтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі
арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын
бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы

2000 жылғы 21 желтоқсандағы Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкі
мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Батыс Қазақстанның жол
желісін қайта құру жобасын бойынша заем туралы келісім бекітілсін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ

N KAZ-P4 Заем туралы Келісім

Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкі
мен
Қазақстан Республикасының Үкіметі
арасындағы

Батыс Қазақстанның Жол Желісін Қайта Құру Жобасы
бойынша
заем туралы келісім

2000 жылғы 21 желтоқсан

Қазақстан Үкіметі - Жапония Халықаралық Ұнтымақтастық Банкі, 2000 ж.

Заем туралы келісім

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІ мен ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ арасындағы 2000 жылғы 21 желтоқсандағы N
K A Z - P 4 З а е м т у р а л ы к е л і с і м

Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2000 жылғы
1 сәуірдегі Қазақстан Республикасын экономикалық тұрақтандыру және дамыту
жөніндегі қадамдарға көмек көрсету мақсатында Жапония ұсынатын заемға жататын
Ноталар Алмасу мазмұнының тұрғысынан,

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІ (бұдан әрі "Банк" деп
аталады) және ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ (бұдан әрі "Заем
алушы" деп аталады) осымен, осы келісімге барлық толықтыруларды қамтитын
мынадай Заем туралы Келісімді жасасады.

I Бап

Заем

1-Бөлім

Заемның Сомасы мен Мақсаттары

Банк Заем алушыға сипатталуы осы Келісімге 1-Қосымшада келтіріліп отырған Батыс Қазақстандағы Жол Желісін Қайта Жаңарту Жобасын (бұдан әрі "Жоба" деп аталады) орындау үшін негізгі сома ретінде Заем туралы Келісімде (бұдан әрі "Заем" деп аталатын) айтылатын шарттар мен ережелерде және Жапонияның тиісті заңдары мен ережелеріне сәйкес, алайда, Заем туралы Келісімге сәйкес төлемдер жиынтығында жоғарыда көрсетілген шекті сомаға жеткен кезде, Банк ешқандай одан әрі төлемдер жүргізбеген жағдайда, ОН АЛТЫ МИЛЛИАРД БЕС ЖҮЗ ОТЫЗ ТОҒЫЗ МИЛЛИОН (16,539,000,000) жапон иенінен аспайтын соманы беруге келісім береді.

2-Бөлім

Заем Қаражатын Пайдалану

(1) Заем алушы сипатталуы осы Келісімге 4-Қосымшада келтіріліп отырған қолайлы елдердің-көздердің (бұдан әрі "Қолайлы Ел (-дер) - Көз (-дер) деп аталады) берушілеріне, мердігерлерден немесе консультанттардан (бұдан әрі бірлесіп "Беруші (-лер)" деп аталады) сипатталуы осы Келісімге 2-Қосымшада келтіріліп отырған Заем қаражатын бөлуге сәйкес Жобаны орындау үшін қажетті қолайлы тауарлар мен қызметтер сатып алу үшін Заем қаражатының пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

(2) Қорытынды төлем Заем туралы Келісімге сәйкес Заем туралы Келісім күшіне енген күннен кейін жеті (7) жылдан кейінгі сол күннен және айдан кешіктірмей жүргізіледі және осыдан кейін БАНК, егер БАНК пен Заем алушы арасында өзгеше көзделмесе, ешқандай бұдан әрі төлемдер жүргізбейді.

II Бап

Өтеу және Пайыздар

1-Бөлім

Заемның Негізгі Сомасын Өтеу

Заем алушы осы Келісімге 3-Қосымшада келтірілген Борышты Мерзімін ұзартып Өтеу Кестесіне сәйкес Заемның негізгі сомасын БАНККЕ өтейді.

2-Бөлім

Пайыздар және оларды Төлеу Тәсілі

(1) Заем алушы БАНККЕ төменде көрсетілетін (а), (b) және (с) санаттарына сәйкес келетін, өзінен төлемдер жүргізілетін (бұдан әрі "Негізгі Сом (I)" деп аталады) және өзі бойынша төлемге ұсынылмаған сомасы бар негізгі сома бойынша жылына екі бүтін оннан екі пайызды құрайтын ставка бойынша жарты жылда бір рет пайыздар төлейді:

(а) (А) Санатына жатқызылған Заем қаражатынан төленетін негізгі сома (осы Келісімге 2-Қосымшаның 1-Бөлімінде көзделетіндей);

(b) өзі туралы жоғарыдағы (1) (а) тармақшада айтылатын төлемге қатысты Заем қаражатынан төленетін қызмет көрсету үшін алымдар;

(с) (С) Санатынан қайта бөлінетін (осы Келісімге 2-Қосымшаның 1-Бөлімінде көзделетіндей) және жоғарыдағы (1) (а) және/немесе (1) (b) тармақшада келтіріліп отырғанына қатысты төленетін кез келген негізгі сома.

(2) Заем алушы БАНККЕ төменде көрсетілетін (а), (b) және (с) санаттарына сәйкес келетін, өзінен төлемдер жүргізілетін және өзі бойынша төлемге ұсынылмаған сомасы бар негізгі сома (бұдан әрі "Негізгі Сом (II)" деп аталады) бойынша жылына екі бүтін оннан екі пайызды құрайтын ставка бойынша жарты жылда бір рет пайыздар төлейді:

(а) (В) Санатына жатқызылған Заем қаражатынан төленетін негізгі сома (осы Келісімге 2-Қосымшаның 1-Бөлімінде көзделетініндей);

(b) өзі туралы жоғарыдағы (2) (а) тармақшада айтылатын төлемге қатысты Заем қаражатынан төленетін қызмет көрсету үшін алымдар;

(с) (С) Санатынан қайта бөлінетін (осы Келісімге 2-Қосымшаның 1-Бөлімінде көзделетініндей) және жоғарыдағы (2) (а) және/немесе (2) (b) тармақшада келтіріліп отырғанына қатысты төленетін кез келген негізгі сома.

(i) Заем қаражатын төлеу аяқталатын күнге дейін (бұдан әрі "Төлемдер Аяқталған Күн" деп аталады) әрбір жылдың 20 қаңтарында өткен жылғы 20 мауысымнан бастап 19 желтоқсанға дейін жинақталған пайыздарды және әрбір жылдың 20 шілдесінде өткен жылғы 20 желтоқсаннан бастап осы жылдың 19 маусымына дейін жинақталған п а й ы з д а р д ы ; ж ә н е

(ii) Төлемдер Аяқталған Күннен кейін әрбір жылдың 20 желтоқсанында осы жылғы 20 мауысымнан бастап 19 желтоқсанға дейін жинақталған пайыздарды және әрбір жылдың 20 маусымында өткен жылғы 20 желтоқсаннан бастап 19 маусымға дейін жинақталған п а й ы з д а р д ы төлейді.

(4) Төлемдер Аяқталған Күн 20 маусымнан немесе 20 желтоқсаннан бастап екі айдан ерте болмай басталатын жағдайларда, алдыңғы кіші бөлімге қарамастан, осы күндердің қайсысы бұрын басталатынына қарамастан, Төлемдер Аяқталған Күннен кейін пайыздарды алғашқы төлеу осы күндердің қайсысы бұрын басталатынына қарамастан, 20 қаңтарда немесе 20 шілдеде жүргізіледі.

III Бап

Ерекше Шарттар

1-бөлім

Жалпы Шарттар мен Ережелер

Заем туралы Келісімге әдетте қолданылатын басқа шарттар мен ережелер 1999 жылғы қазандағы ODA Заемдары бойынша Жалпы Шарттар мен Ережелерде мынадай қосымша ережелермен (бұдан әрі "Жалпы Шарттар мен Ережелер" деп аталады) а й т ы л а д ы :

(1) "Негізгі сома" термині Жалпы Шарттар мен Ережелерде ол қолданылатын барлық жағдайларда "Негізгі Сума (I)" және "Негізгі Сума (II)" терминдерімен а у ы с т ы р ы л а д ы ;

(2) Заем алушы негізгі соманы өтеуді немесе пайыздарды немесе басқа

да соманы төлеуді төлемдерді белгілі бір борышқа жатқызу тәртібін көрсетпестен, жүргізетін жағдайда, БАНК төлемдерді негізгі сома, пайыздар немесе өзге төлемдер арасында Негізгі Сом (I) және Негізгі Сом (II) бойынша осындай жатқызу тәртібі туралы шешім қабылдауы мүмкін;

(3) Жалпы Шарттар мен Ережелердің 3.07-Бөліміне қатысты Заем алушы Заем бойынша негізгі соманың барлық төлемдерін, пайыздарды және басқа да төлемдерді БАНКТИҢ мына банктегі шотының несиесіне жатқызады

Tokyo-Mitsubishi Ltd.

Uchisaiwarcho Office

Tokyo

Japan

Account N 0011444

"Токио-Мицубиси Лтд."

"Учисайварчо" бөлімшесі

Токио

Жапония

шот N 0011444.

(4) Жалпы Шарттар мен Ережелердің 9.03-Бөлімі мынадай сөздермен ауыстырылады:

Заем туралы Келісімдегі тараптарға немесе тараптар үшін барлық хабарламалар, сұрау салулар, талаптар және басқа да хабарлар тапсырыс берілген авиациялық почтамен немесе халықаралық деңгейде танылған курьердің қызметтерінің көмегімен немесе телекс немесе факсимильдік байланыс бойынша (тапсырыс берілген авиациялық почтамен немесе халықаралық деңгейде танылған курьердің қызметтерінің көмегімен тез арадағы растамамен, растаманы алу телекс пен факсимильдік байланыс бойынша іс жүзінде тиісті хабар алу үшін қажетті болып табылмаса да) Заем туралы Келісімде көрсетілетін мекен-жайлар бойынша немесе Заем туралы Келісімдегі қандай да бір тарап Келісімдегі басқа тараптардың әрқайсысына жазбаша хабарламада көрсетуі мүмкін осындай басқа мекен-жайлар беріледі немесе ұсынылады.

(5) Жалпы Шарттар мен Ережелердің 10.02 (1) Бөліміне қатысты N 5 Нысан осы Келісімге қоса берілетін N 5 Нысанға сәйкес ресімделеді.

2-Бөлім

Сатып Алу Рәсімі

Жалпы Шарттар мен Ережелердің 4.01-Бөлімінде айтылатын консультанттарды сатып алу және жалдау ережесі осы Келісімге 4-Қосымша түрінде ұсынылатын Сатып Алу Рәсімінде қалай да болсын айтылады.

3-Бөлім

Төлем Рәсімі

Жалпы Шарттар мен Ережелердің 4.01-Бөлімінде айтылатын төлемдердің рәсімі мынадай болып табылады:

(1) Осы Келісімге 5-Қосымша түрінде ұсынылатын, Міндеттемелерге Байланысты Рәсім Қазақстан Республикасының валютасынан басқа валютамен көрсетілген келісім-шарттың бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасынан басқа, Қолайлы Елден (-дерден) - Көзден (-дерден) Берушіге (-лерге) төлеу жағдайларында қолданылады.

(2) Осы Келісімге 6-Қосымша түрінде ұсынылатын Өтеу Рәсімі Берушіге (-лерге) Қазақстан Республикасынан және Қазақстан Республикасының валютасынан басқа валютамен көрсетілген келісім-шарттың бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасынан басқа, Қолайлы Елден (-дерден) - Көзден (-дерден) Берушіге (-лерге) жүргізілетін төлемдер бойынша төлеу жағдайларында қолданылады.

4-Бөлім

Заемды Басқару

(1) Заем алушы Көлік және Коммуникациялар Министрлігіне (бұдан әрі "Орындаушы-Ұйым" деп аталады) Жобаны орындауға уәкілеттік береді.

(2) Заем алушы Орындаушы-Ұйымның Жобаны орындау үшін консультанттар жалдауын қамтамасыз етеді.

(3) Егер Заемнан берілетін қаражат Жобаны орындау үшін жеткіліксіз болса, Заем

алушы талап етілетін қаражатты ұсыну жөнінде тез арада шаралар қабылдайды.

(4) Жобаны орындау үшін Заем алушы Орындаушы-Ұйымға Заем қаражатынан заем (заемдар) (бұдан әрі "Қосалқы заем") беруі мүмкін. Қосалқы заемның шарттары мен ережелері Заем туралы Келісімнің шарттары мен ережелеріне қарағанда қолайлы болады.

(5) Заем алушы БАНККЕ Орындаушы-Ұйымның БАНК негіздемелі сұрау салуы мүмкін осындай нысанда және осындай нақтылықпен Жоба аяқталғанға дейін Жобаның орындалу барысы туралы тоқсан сайынғы (әрбір жылдың қаңтарында, сәуірінде, шілдесінде және қазанында) есептер беруін қамтамасыз етеді.

(6) Заем алушы тез арада, бірақ кез келген жағдайда Жоба аяқталғаннан кейін алты (6) ай ішінде БАНККЕ Орындаушы-Ұйымның БАНК негіздемелі сұрау салуы мүмкін осындай нысанда және осындай нақтылықпен жобаның аяқталғаны туралы есепті беруін қамтамасыз етеді.

(7) Заем алушы мүмкіндігінше жылдам мерзімде және кез келген жағдайда Жоба бойынша инженерлік-құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған келісім-шарттар жасасу туралы ұсыныстар беруге шақырғанға дейін осы мәселелермен айналысатын ұйымның түпкі мақұлдауын алуын қоса алғанда, Орындаушы-Ұйымның Жобаға байланысты Қоршаған Ортаға Ықпал Етуді Бағалаудың (бұдан әрі "ҚОЫБ" деп аталады) барлық рәсімдерін орындауын қамтамасыз етеді.

5-Бөлім

Хабарламалар мен Сұрау Салулар

Жалпы Шарттар мен Ережелердің 9.03-Бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

БАНКТИҢ мекен-жайы:

Почталық мекен-жайы:

JAPAN BANK FOR INTERNATIONAL COOPERATION	- ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІ
4-1, Ohtemachi Ichome Chiyoda-ku Tokyo 100-8144	4-1, Охтемачи Ичом Чийода-ку Токио 100-8144

Japan

Жапония

Attention:

Дамуға Көмектесу жөніндегі
IV Бөлім

Director General

Бас Директорының

Development Assistance Department IV

Назарына

Telex:

Телекс:

1) Call No. : J28360

1) Шақырылатын : J28360

Нөмір

Answer Back Code : JBIC J28360

Автожауап

: JBIC J28360

берушінің Коды

2) Call No. : J28430

1) Шақырылатын : J28430

Нөмір

Answer Back Code : JBIC J28430

Автожауап

: JBIC J28430

берушінің Коды

Facsimile:

Факсимильдік байланыс нөмірі:

81-3-5218-3973

81-3-5218-3973

Заем алушының мекен-жайы:

Почталық мекен-жайы:

THE MINISTRY OF FINANCE

Қазақстан Республикасының

33 Pobeda Ave.

ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

Astana, 473000

Астана, 473000

The Republic of Kazakhstan

Жеңіс Даңғылы, 33

Attention:

Министрдің

Minister

Назарына

Facsimile:

Факсимильдік байланыс нөмірі:

7-3172-117762

7-3172-117762

Орындаушы-Ұйымның мекен-жайы:

Почталық мекен-жайы:

THE MINISTRY OF TRANSPORT
AND COMMUNICATIONS

Abai Ave.

Astana, 473000

The Republic of Kazakhstan

Қазақстан Республикасының
КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР

МИНИСТРЛІГІ

Астана, 473000

Абай Даңғылы

Attention:

Министрдің

Minister

Назарына

Facsimile:

7-3172-321058

Факсимильдік байланыс нөмірі:

7-3172-321058

Жоғарыда көрсетіліп отырған мекен-жайлар және/немесе атаулар өзгерген жағдайда, осындай өзгерістер орын алған тарап басқа тарапты жаңа мекен-жайлар және /немесе атаулар туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРА ОТЫРЫП, БАНК пен Заем алушы тиісті негізде уәкілеттік берілген өздерінің өкілдері арқылы әрекет ете отырып, өздерінің аттарынан осы Келісімнің тиісінше жасалуын және оның Чийода-ку, Токио, Жапония мекен-жайы бойынша жоғарыда басында көрсетіліп отырған күні мен жылы ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІНІҢ ғимаратына ресми түрде берілуін қамтамасыз етті.

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІ
үшін үшін

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ

1-Қосымша
Жобаны Сипаттау

1-Бөлім

Жобаны Сипаттау

(1) Мақсаты

Неғұрлым маңызды учаскелерді қайта жаңарту нәтижесінде Батыс Қазақстанда елдің жол көлігі негізгі жүйесінің тиімділігі мен сенімділігін арттыру және техникалық көмек көрсету нәтижесінде ағымдағы техникалық қызмет көрсету деңгейін арттыру.

(2) Жобаға сәйкес Жолдағы Жұмыс Учаскелері

(А) Қарабұтақ - Ақтөбе

(В) Қарабұтақ - Қостанай

(С) Атырау - Орал

(3) Орындаушы-Ұйым

Көлік және Коммуникациялар Министрлігі

(4) Жұмыс Көлемі

(А) Жол Желісін Қайта Жаңарту жөніндегі Жұмыстар

(В) Консультациялық Қызметтер

Жоғарыда көрсетіліп отырған және кез келген басқа тармақтар бойынша кез келген қалдықты Заем алушы қаржыландырады.

2-Бөлім

Қаржыландырудағы бағаларға сәйкес жылдық қажеттілік

төменде көрсетіліп отыр:

Күнтізбелік жыл (қаңтар-желтоқсан)	Заем бойынша (миллион жапон иенімен)	Жоба бойынша (миллион жапон иенімен)
2001	310	414
2002	2,151	2,868
2003	5,294	7,058
2004	5,633	7,510
2005	3,151	4,202

Жиыны:	16,539	22,052
--------	--------	--------

Заем қаражатын төлеу Жапония Үкіметінің БАНК үшін жыл сайынғы бюджеттік қаржы бөлу шегінде жүргізіледі.

3-Бөлім

Жобаны 2005 жылдың шілдесінде аяқтау ұйғарылып отыр.

2-қосымша Заем Қаражатын Бөлу

1-Бөлім Бөлу

Санаты	Заем Сомасын әртүрлі санаттарға жатқыза отырып Бөлу (жапон иен миллионымен)	Қаржыландырылатын Шығыстар %-бен
--------	---	----------------------------------

Мынадай баптар бойынша шетел валютасындағы бөлік

(А) Жол Жүйесін Қайта Жаңарту жөніндегі Жұмыстар	13,870	100
(В) Консультациялық қызметтер	1,449	100
(С) Күтпеген шығыстар	1,220	

Жиыны:	16,539
--------	--------

Ескерту: Қаржыландыру үшін қолайсыз баптар төменде көрсетіледі. (а) Жалпы әкімшілік шығыстар (b) Салықтар мен баждар (с) Жерді және өзге жылжымайтын мүлікті сатып алу (d) Өтемақы (е) Жанама шығыстардың өзге де баптары

Әр төлем кезінде төленетін сома егер БАНК пен Заем алушының арасында өзгеше келісілмеген болса, осы бөлімде көрсетілетін пайызбен берілген үлеске көбейтілген қолайлы шығыстардың жалпы сомасынан есептеледі.

2-Бөлім

Шығыстар сметасын өзгерту кезінде қаражатты қайта бөлу

(1) Егер (А) және (В) Санаттарын қандай да болмасына енгізілген баптар бойынша шығыстар сметасында азаю болса, онда осы жағдайда мұндай Санатқа арналған, бірақ ол үшін қажет емес соманы БАНК қайта бөледі және (С) Санатына жатқызады.

(2) Егер (А) және (В) Санаттарын қандай да болмасына енгізілген баптар бойынша шығыстар сметасында ұлғаю жүрген болса, онда бөлікке тең, егер ондай бар болса, Заем қаражатынан қаржыландырылатын мұндай ұлғаю сомасын БАНК Заем алушының сұрау салуы бойынша, алайда, басқа Санаттардағы баптар бойынша шығыстарға қатысты БАНК анықтаған күтпеген шығыстарға жататын талаптарды ескере отырып, (С) Санатынан осындай Санатқа жатқызатын болады.

3-Қосымша

Борышты Бөліп Төлеуді Өтеу Кестесі

1. Негізгі Соманы Өтеу (I)

Шартталған мерзім Сомасы

(жапон иенімен)

2010 жылғы 20 желтоқсан	368,080,000
-------------------------	-------------

2011 жылғы 20 маусымнан бастап 2030 жылғы	
---	--

20 желтоқсанды қоса алғанда, әр жылдың	
--	--

20 маусымы және 20 желтоқсаны	368,048,000
-------------------------------	-------------

2. Негізгі Соманы Өтеу (II)

Шартталған мерзім

Сомасы

(жапон иенімен)

2011 жылғы 20 маусымнан бастап 2040 жылғы

20 желтоқсанды қоса алғанда, әр жылдың

20 маусымы және 20 желтоқсаны

23,754,000

4-қосымша

Сатып алу Рәсімі

1-Бөлім

Заем бойынша Сатып алу кезінде Қолданылатын Ереже

(1) Заем қаражатынан қаржыландырылатын консультациялық қызметтерді қоспағанда, барлық тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу Жапония Халықаралық Даму Банкінің ODA Заемдары бойынша Сатып алу Ережесіне сәйкес (1999 жылғы қазан) (бұдан әрі - "Сатып алу Ережесі" деп аталады) жүргізіледі.

(2) Заем қаражатынан қаржыландырылатын консультанттарды жалдау Жапония Халықаралық Даму Банкінің ODA Заемдары бойынша консультанттарды Жалдау Ережесіне сәйкес (1999 жылғы қазан) (бұдан әрі - "Консультанттарды Жалдау Ережелері" деп аталады) жүргізіледі.

2-Бөлім

Қолайлы Елдер-Көздер

(1) Заем қаражатынан қаржыландырылатын консультациялық қызметтерден басқа барлық тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін Қолайлы Ел (-дер) - Көз (-дер), барлық елдер мен әлемнің аймақтары болып табылады.

(2) Заем қаражатынан қаржыландырылатын консультациялық қызметтер айналысы үшін Қолайлы Ел (-дер) - Көз (-дер), Қазақстан Республикасы мен Жапония болып т а б ы л а д ы .

(3) Консультациялық фирмаларды жалдау жүргізу кезінде, мұндай фирмалар барлық мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

(а) жазылу бойынша шығарылған акциялардың көпшілігі Қолайлы Елдердің-Көздердің азаматтарына тиесілі;

(b) барлық жұмыс аптасында жұмыс істейтін басқарушы директорлардың көпшілігі Қолайлы Елдердің-Көздердің азаматтары болып табылады;

(с) Мұндай фирмалардың акционерлік қоғам мәртебесі бар және Қолайлы Елдерде - Көздерде тіркелген .

(4) Жоғарыда айтылған (3) тармақтың аталған талаптарына сәйкес келмейтін консультациялық фирмалар көрсететін консультациялық қызметтер егер осындай фирмаларға келетін айдағы адамдардың жалпы саны консультациялық қызметтер үшін талап етілетін айдағы адамдардың кемінде елу (50%) пайызын құраса, қаржыландыру үшін қолайлы болуы мүмкін. Алайда, осындай консультациялық фирмаларды Заем алушылар жалдамауы мүмкін, бірақ, жоғарыда (3) тармақта айтылған барлық шарттарға жауап беретін консультациялық фирмалармен қосалқы мердігерлік шарт ж а с а л у ы м ү м к і н .

3-Бөлім

БАНКТІҢ тауарлар мен қызметтерді сатып алу туралы шешімдерді қарауы

(1) Осы келісімге 2-қосымшада көрсетілгендей (А) Санатына жатқызылған Заем қаражатынан қаржыландырылатын келісім-шарттардың жағдайында, Жалпы Шарттар және Ережелердің 4.02-Бөліміне сәйкес мынадай рәсімдер БАНКТІҢ қарауына және мақұлдауына жатады. Осындай келісім-шарттарға қатысты Сатып алу Ережесінің 2.03 (b) - Бөлімінде көзделген "екі конверт" жүйесі бойынша сауда-саттық рәсімдері қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н .

Бағалауға сәйкес құны кемінде БЕС ЖҮЗ МИЛЛИОН (500,000,000) жапон иенінен аспайтынын құрайтын кез келген келісім-шартқа қатысты:

(i) Егер Заем алушы Халықаралық Бәсекелі Сауда-саттықтардан басқа, сатып алу рәсімдерін қабылдағысы келсе, Заем алушы БАНККЕ Сатып алу Тәсілін (-дерін) Қарау туралы Сұрау салуды (осы Келісімге қоса беріліп отырған N 1 нысанға сәйкес)

ұсынады. БАНК Заем алушыны өзінің келісімі туралы Сатып алу Тәсіліне (-деріне) қатысты Хабарламада сәйкес хабардар етеді.

(ii) Алдын-ала баға алғандардың ішінен фирмаларды іріктеу жүргізілгеннен кейін, Заем алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына осындай фирмалардың тізімін және жасалынған тандаудың негіздемесімен және Алдын-ала Бағалау Нәтижелерін Қарау туралы Сұрау Салумен бірге барлық қажетті құжаттарды қоса бере отырып, іріктеу процесі туралы есепті ұсынады. Заем алушы оның мәліметі үшін БАНК негіздеп сұрау салатын алдын-ала бағалауға жататын осындай басқа да құжаттарды БАНККЕ ұсынады. Егер БАНК жоғарыда аталған құжаттарға қарсылық көрсетпеген жағдайда, БАНК тиісінше Заем алушыны Алдын-Ала Бағалаудың Нәтижелеріне қатысты Хабарламада хабардар етеді.

(iii) "Екі конверт" жүйесі бойынша сауда-саттық рәсімдерін қабылдаған жағдайда, Заем алушы бағалардың ұсыныстарын хабарлағанға дейін БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына Техникалық Ұсыныстардың Талдау Нәтижелері туралы Сұрау Салумен бірге техникалық ұсыныстардың талдауын ұсынады. Заем алушы БАНК негіздемелі сұрау салған қаралатын мәселелерге осындай қатысы бар құжаттарды БАНККЕ оның мәліметі үшін ұсынады. Егер БАНК қарсылық көрсетпеген жағдайда, ол тиісінше Заем алушыны Техникалық Ұсыныстарды Талдауға қатысты Хабарламада хабардар етеді.

(iv) Сауда-саттықта жеңіл шыққан қатысушыға тапсырыс беру туралы хабарламаны жібермес бұрын Заем алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына сауда-саттықтарда өтінімдерді талдауды және Сауда-саттықтардағы Өтінімдерді Талдауын Қарау туралы Сұрау Салумен бірге тапсырыс беру туралы ұсынысты және Тапсырыс Беру туралы Ұсынысты ұсынады (Жоғарыдағы (iii) тармақшада айтылған іс-қимылдарды орындау кезінде, "Сауда-саттықтардағы Өтінімдерді Талдау" деген сөз тіркесі бұдан әрі "Бағалардың Ұсыныстарын Талдау" дегенді білдіреді). Заем алушы БАНККЕ оның мәліметі үшін мәселен, БАНК негіздемелі сұрау салатын тендер құжаттары сияқты тапсырыс беруге қатысты осындай басқа құжаттарды ұсынады. Егер БАНК жоғарыда аталған құжаттарға қарсылық көрсетпеген жағдайда, тиісінше Заем алушыны Сауда-саттықтағы Өтінімдерді Талдауға және Тапсырысты Жеткізу туралы Ұсынысқа қатысты Хабарламада хабардар етеді.

(v) Сатып алу Ережесінің 5.10-Бөлімінде айтылған және Заем алушы сауда-саттықтардағы барлық өтінімдерді жойғысы немесе ең төмен баға алған сауда-саттыққа қатысушымен келіссөздер жүргізгісі келген жағдайларда (немесе, осындай келіссөздердің қолайлы нәтижесі болмаған кезде, ең төмен баға алған келесі

қатысушымен), Заем алушы қолайлы келісім-шарт жасасу мақсатында алдын ала қарауы және мақұлдауы туралы өтініммен өздерінің сұрау салу себептері туралы БАНКті хабардар етеді. Егер БАНК қарсылық көрсетпеген жағдайда, ол Заем алушыны өзінің келісімі туралы хабардар етеді. Сауда-саттық қайта жүргізілген жағдайда, тікелей байланысты барлық алдағы рәсімдер (i) тармақшадан бастап (iv) тармақшаны қоса алғанда сәйкес келеді.

(vi) Келісім-шарт жасасқаннан кейін Заем алушы тез арада БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына Келісім-Шартты Қарау туралы Сұрау Салумен бірге тиісті түрде расталған келісім-шарттың көшірмесін (осы Келісімге қоса беріліп отырған N 2 Нысанға сәйкес) ұсынады. Егер БАНК келісім-шарт Заем туралы Келісімге қайшы келмейтінін анықтаған жағдайда, БАНК тиісінше Заем алушыны Келісім-шартқа қатысты Хабарламада хабардар етеді.

(vii) БАНК қараған келісім-шартты кез келген өзгерту немесе жою үшін, бірақ келісім-шартта негізгі болып табылмайтын және оның бағасына ықпал етпейтін келісім-шартты өзгерту үшін Банктің осындай келісім талап етілмейтін кезде оған БАНКтің алдын-ала жазбаша келісімі талап етіледі.

(b) Бағалауға сәйкес құны кемінде БІР МИЛЛИАРД (1,000,000,000) жапон иенін құрайтын кез-келген келісім-шартқа қатысты:

жоғарыдағы (a) (i) тармақшасынан бастап (vii) тармақшасын қоса алғанда айтылған барлық рәсімдерге қосымша мынадай іс-қимылдар орындалады.

Алдын-ала бағалау туралы жариялаудың және/немесе хабарлаудың алдында Заем алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына осындай Критерийлерді Қарау туралы Сұрау Салумен бірге алдын-ала бағалау критерийін ұсынады. БАНК өзіне Заем алушыдан БАНКтің мәліметі үшін алдын-ала бағалауға байланысты құжаттарды ұсынуды талап ету құқығын сақтайды. Егер БАНК жоғарыда аталған критерийлерге қарсылық етпесе, Банк тиісінше Заем алушыны Алдын-ала Бағалау Критерийлеріне қатысты Хабарламада хабардар етеді. Заем алушы жоғарыда айтылған критерийлерді кез келген өзгерту үшін БАНКтің алдын ала жазбаша келісімі талап етіледі. Егер Банк қажет деп санаса, алдын-ала бағалау құжаттарына қатысты Банктің қарауы мен мақұлдауы талап етіледі.

(c) Бағалауға сәйкес қатысты құны кемінде ҮШ МИЛЛИАРД (3,000,000,000) жапон иенін құрайтын кез келген келісім-шартқа қатысты:

жоғарыдағы (a) (i) тармақшасынан бастап (vii) және (b) тармақшаларын қоса алғанда айтылған барлық рәсімдерге қосымша мынадай іс-қимылдар орындалады.

Сауда-саттықтарға қатысуға шақырудың алдында Заем алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына осындай Критерийлерді Қарау туралы Сұрау салуымен бірге сауда-саттықтың өтінімдерін бағалау критерийін ұсынады. БАНК өзіне Заем алушыдан БАНКТІҢ мәліметі үшін тендерге байланысты құжаттарды ұсынуды талап ету құқығын сақтайды. Егер БАНК жоғарыда аталған критерийлерге қарсылық білдірмеген жағдайда. БАНК Заем алушыны тиісінше Сауда-саттықтардағы Өтінімдерді Бағалау Критерийлеріне қатысты Хабарламада хабардар етеді. Заем алушының жоғарыда айтылған кез келген критерийлерді кез келген өзгертуі үшін, оған БАНКТІҢ алдын ала жазбаша келісімі талап етіледі. Банк қажет деп санаған жағдайда, тендер құжаттарын БАНКТІҢ қарауы мен мақұлдауы талап етіледі.

(d) Бағалауға сәйкес қатысты құны кемінде БЕС ЖҮЗ МИЛЛИОН (500,000,000) жапон иенін құрайтын кез келген келісім-шартқа қатысты:

(i) Заем алушы тез арада келісім-шарт жасасқаннан кейін БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына Келісім-шартты Қарау туралы Сұрау Салуымен бірге тиісті түрде расталған келісім-шарттың көшірмесін (осы Келісімге қоса беріліп отырған N 2 Нысанға сәйкес) ұсынады. Егер БАНК келісім-шарт Заем туралы Келісімге қайшы келмейтінін анықтаған жағдайда, ол тиісінше Заем алушыны Келісім-шартқа қатысты Хабарламада хабардар етеді. Заем алушы БАНККЕ оның мәліметі үшін БАНК негіздемелі түрде сұрау салған келісім-шартқа қатысты осындай басқа да құжаттарды ұсынады.

(ii) БАНК қараған келісім-шартты кез келген өзгерту немесе жою үшін оған бірақ келісім-шартқа негіз болып табылмайтын және оның бағасына ықпал етпейтін келісім-шартты өзгерту үшін, осындай келісім талап етілмейтін кезде БАНКТІҢ алдын-ала жазбаша келісімі талап етіледі.

4-бап

БАНКТІҢ консультанттарды жалдауға қатысты шешімдерді қарауы

(1) Жалпы Шарттар мен Ережелердің 4.02-Бөліміне сүйене отырып, мынадай рәсімдер БАНКТІҢ қарауына және мақұлдауына жатады.

(a) Консультанттардың ұсыныстарын беруге шақырардың алдында Заем алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына Құзыретінің Шегі туралы мәліметті, Консультанттардың Ақырғы Тізімін және осындай құжаттарды Қарау туралы Сұрау салумен бірге Шақыру Хатын ұсынады. Егер БАНК жоғарыда айтылған құжаттарға қарсылық білдірмеген болса, ол тиісінше Заем алушыны Құзыретінің Шегіне, Консультанттардың Ақырғы Тізіміне және Шақыру Хатына қатысты Хабарламада хабардар етеді. Заем алушы жоғарыда айтылған құжаттарға алдағы кез келген өзгеріс үшін Банктің алдын ала келісімі талап етіледі.

(b) Ең жоғары баға алған консультантты келісім-шарт жасасу туралы келіссөздерді бастауға шақырардың алдында. Заем алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына Консультанттардың Ұсыныстарын Бағалау туралы Есепті Қарау туралы Сұрау салумен бірге олар алған ұсыныстарды бағалаудың нәтижелерін ұсынады. Егер БАНК жоғарыда айтылған құжаттарға қарсы болмаса, ол тиісінше Заем алушыны Консультанттардың Ұсыныстарын Бағалау туралы Есепке қатысты Хабарламада х а б а р д а р е т е д і .

(c) Егер Заем алушы Консультанттарды Жалдау Ережесінің 3.01 (2)- Бөлімінде көзделгендей, консультант тұрғысында нақты тұлғаны жалдағысы келсе, ол БАНККЕ өзінің себептері туралы соңғының қарауы мен мақұлдауы үшін жазбаша түрде Шақыру Хатымен және Құзыретінің Шегі туралы мәліметтермен бірге ұсынады. БАНКТІҢ келісімін алғаннан кейін Заем алушы сөз болып отырған консультантқа Шақыру Хатын және Құзыретінің Шегі туралы мәліметтерді жібере алады.

Егер Заем алушы консультанттың ұсынысын қолайлы деп санаса, ол келісім-шарттың шарттары туралы (қаржылықты қоса алғанда) келіссөздер жүргізе а л а д ы .

(d) Келісім-шартты жасасқаннан кейін тез арада Заем алушы БАНККЕ оның қарауына және мақұлдауына Келісім-Шартты Қарау туралы Сұрау салумен (осы Келісімге қоса беріліп отырған N 3 Нысанға сәйкес) бірге келісім-шарттың тиісті түрде расталған көшірмесін ұсынады. Егер БАНК келісім-шарт Заем туралы Келісімге қайшы келмейтінін анықтаған жағдайда, ол тиісінше Заем алушыны Келісім-шартқа қатысты Х а б а р л а м а д а х а б а р д а р е т е д і .

(e) БАНК қараған келісім-шартты кез келген өзгерту немесе жою үшін оған, бірақ келісім-шартқа негізгі болып табылмайтын және оның бағасына ықпал етпейтін келісім-шартты өзгерту үшін, БАНКТІҢ осындай келісімі талап етілмейтін БАНКТІҢ алдын ала жазбаша келісімі талап етіледі.

(2) Әрбір келісім-шартқа консультациялық фирмалардың қолы қойылған және күні көрсетілген консультациялық фирмалардың қолайлылығына қатысты мынадай өтінім
қ о с а б е р і л е д і :

"Мен, төменде қол қоюшы, осымен (консультациялық фирманың атауы) акционерлік қоғам мәртебесі барын және (Қолайлы Елдің (-дердің) - Көздің (-дердің) атауы) тіркелгенін және қолайлы консультациялық фирма болып табылатынын, жазылу бойынша шығарылған акциялардың (____%) (Қолайлы Елдің

(-дердің) - Көздің (-дердің) атауы (-лары) азаматтарына және барлық жұмыс аптасында жұмыс істейтін (____%) директорлар (Қолайлы Елдің (-дердің) - Көздің (-дердің) атауы (-лары) азаматтары болып табылатынын растаймын).

"Мен, төменде қол қоюшы, сонымен бірге осы Заем туралы Келісімге 4-қосымшаның 2.(4)-Бөлімінде айтылған талаптарды қанағаттандырмайтын консультациялық фирмаларға келетін айдағы адамның жалпы саны консультациялық қызметтер үшін талап етілетін адам-айларының санының _____ пайызын құрайтын болатынын растаймын.

5-бап
Тілі

БАНККЕ барлық хабарламаны Заем алушы ағылшын тілінде құрайды. Барлық құжаттар сауда-саттыққа қатысты құжаттарды қоса алғанда, ағылшын тілінде құралады.

N 1 нысан

Күні
Сілтеме үшін нөмірі N

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІ
Токио
Жапония

Дамытуға Жәрдемдесу жөніндегі
IV Бөлімнің Бас Директорының назарына

Құрметті мырзалар,

САТЫП АЛУ ТӘСІЛІН (-ДЕРІН) ҚАРАУ ТУРАЛЫ СҰРАУ САЛУ

Мынаған сүйене отырып: Батыс Қазақстандағы Жол Жүйесін Қайта Жаңарту Жобасы бойынша 2000 жылғы 21 желтоқсандағы N KAZ-P4 Заем туралы Келісім

Жоғарыда айтылған Заем туралы Келісімнің тиісті ережелеріне сәйкес, біз осымен қосымшада айтылатын Сатып алудың Тәсілін (-дерін) Сіздің қарауыңызға береміз.

Егер Өзіңіздің келісіміңіз туралы хабарласаңыз, біз сізге ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметпен,

_____ үшін
(Заем алушының атауы)

(құжаттарға қол қоюға уәкілетті ресми тұлғаның қолы)

N... Қосымша Парақ

1. Жобаның Атауы

2. Сатып алу Әдісі (-тері)

- () Шектеулі Халықаралық (Жергілікті) Сауда-саттықтар
- () Әр түрлі елдердегі сатып алу (Орнында)
- () Тікелей Шарттар Жасасу
- () өзгелер ()

3. Сатып алу Әдісін (-терін) Таңдаудың Толық Негіздемесі

(Мысалы: техникалық ойлар, экономикалық факторлар, тәжірибе және мүмкіншіліктер)

4. Берушінің Атауы (Тегі) және Азаматтығы

(Шектелген Халықаралық (Жергілікті) Сауда-саттықтар жағдайында және Тікелей Шарттар жасасу)

5. Бағаларда сәйкес Келісім-Шарттың сомасы

Шетел валютасы

Жергілікті валюта

6. Келісім-Шарт Қамтыған Негізгі Тармақтар

7. Келісім-Шарт түрі

- ☐ Дайын түріндегі Келісім-Шарттар
- ☐ Тауарларды /Жабдықтарды/ Материалдарды сатып алу
- ☐ Инженерлік-Құрылыс Жұмыстары туралы Келісім-Шарттар
- ☐ Өзгелер

8. Кесте

- i) КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛҒАН КҮНІ
- ii) Тиелген және /немесе Жұмыстың/ Қызмет көрсетудің Басталған күні
- iii) Аяқталған күні (жеткізуге немесе құрылысқа қатысты)

N 2 нысан

Күні

Сілтеме үшін нөмірі N

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІ

Токио, Жапония

Дамуға Көмек жөніндегі IV бөлімнің

Бас директорының назарына:

Құрметті Мырзалар:

КЕЛІСІМ-ШАРТТЫ ҚАРАУ ТУРАЛЫ СҰРАУ САЛУ

2000 жылғы 21 желтоқсандағы N KAZ-P4 Заем туралы Келісімнің тиісті

ережелеріне сәйкес біз осымен Сіздің қарауыңызға осыған қоса берілетін
Келісім-Шарттың расталған көшірмесін ұсынамыз: Келісім-Шарт туралы толық
мәліметтер төменде келтіріледі:

1. Келісім-Шарттың Нөмірі мен Күні : _____

2. Берушінің Атауы (Тегі) және
Азаматтығы

3. Сатып алушының Атауы (Тегі) : _____

4. Келісім-шарттың Бағасы : _____

5. осы үшін қолданылатын
Қаржыландыру Сомасы (қолайлы
шығыстардың ___% құрайды) : _____

6. Тауарлардың Сипаттамасы және : _____
Шыққан жері

Егер Сіз Келісім-Шартқа қатысты хабарламаны жібере отырып,
Келісім-Шартқа қатысты Сіздің келісіміңіз туралы хабарласаңыздар,
ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметпен,

_____ үшін

(Заем алушының атауы)

(құжаттарға қол қоюға уәкілетті ресми тұлғаның қолы)

№ 3 нысан

Күні

Сілтеме үшін нөмірі N

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІ

Токио, Жапония

Дамуға Көмек жөніндегі IV бөлімнің

Бас директорының назарына:

Құрметті Мырзалар:

КЕЛІСІМ-ШАРТТЫ ҚАРАУ ТУРАЛЫ СҰРАУ САЛУ
(консультациялық қызметтерге)

2000 жылғы 21 желтоқсандағы N KAZ-P4 Заем туралы Келісімнің тиісті ережелеріне сәйкес біз осымен Сіздің қарауыңызға осыған қоса берілетін Келісім-Шарттың расталған көшірмесін ұсынамыз: Келісім-Шарт туралы толық мәліметтер төменде келтіріледі:

1. Келісім-Шарттың Нөмірі мен Күні : _____

2. Консультанттың Атауы (Тегі) және
Азаматтығы _____

3. (1) Қолайлы Елдердің-Көздердің
азаматтарына тиесілі
акциялардың жазылу бойынша
шығарылған пайызы : _____

(2) Қолайлы Елдердің-Көздердің
азаматтары болып табылатын
барлық жұмыс аптасында
жұмыс істейтін директорлардың
пайызы : _____

4. Сатып алушының Атауы (Тегі) : _____

5. Келісім-Шарттың Бағасы : _____

6. Қолайлы шығыстар : _____

7. осы үшін қолданылатын Қаржыландыру
Сомасы (қолайлы шығыстардың
____% құрайды) : _____

Егер Сіз Келісім-Шартқа қатысты хабарламаны жібере отырып,

Келісім-Шартқа қатысты Сіздің келісіміңіз туралы хабарласаңыздар,
ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметпен,

_____ үшін

(Заем алушының атауы)

(құжаттарға қол қоюға уәкілетті ресми тұлғаның қолы)

5-Қосымша

Міндеттемелерге байланысты Рәсім

ODA Заемдары бойынша (1999 жылғы қазан) Міндеттемелерге байланысты Рәсім (бұдан әрі "Міндеттемелерге байланысты Рәсім" деп аталатындар) тиісті өзгерістермен бірге Қазақстан Республикасының валютасынан басқа валютада берілген келісім-шарттың қатысты Қазақстан Республикасынан басқа Қолайлы Ел (-дер)- Көз (-дер) Берушісі (-лерінен) тауарларды және қызметтерді сатып алуға, Заем қаражатын төлеген жағдайда мынадай қосымша ескертпелермен қолданылады:

1. Міндеттемелерге Байланысты, Рәсімнің, (3)-Бөлігіне қатысты, Жапон Банкі мен Эмиссиялық Банк "Токио-Мицубиси Лтд.", Токио Банкі болып табылады.

2. а) Заем алушы БАНККЕ тиісті Міндеттемелер туралы Хат берілген күнгі осындай хатқа байланысты қызметке ақы төлеу ретінде Міндеттемелер туралы Хаттың сомасының нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайызына тең жапон иенінде соманы қызмет көрсетуге ақы төлеу түрінде төлейді. БАНК Заем алушыдан қызметтерге ақы алғаннан кейін Міндеттемелер туралы Хатты Жапония Банкіне береді.

(b) Қызметтерге осындай ақы төлеудің сомасына тең сома Заем қаражатынан қаржыландырылады және БАНК тез арада Міндеттемелер туралы Хат берілген күні қызметке ақы төлеу түрінде өзіне-өзі осындай соманы төлейді. Заем қаражатының есебінен осындай төлем Заем туралы Келісімнің шарттары мен ережелеріне сәйкес Заем алушының әрекет ететін және байланыстыратын міндеттемесі болып табылады.

6-Қосымша

Ақы төлеу Рәсімдері

ODA Заемдарына Ақы төлеу Рәсімі (1999 жылғы қазан) (бұдан әрі "Ақы төлеу Рәсімдері" деп аталатындар) тиісті өзгерістермен бірге Қазақстан Республикасынан басқа Қазақстан Республикасының Берушісіне (-леріне) және Қолайлы Елдің (-дердің) Берушісіне (-леріне) өндірілген төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының валютасында берілген мынадай қосымша нұсқамалармен бірге Заем қаражатын төлеген ж а ғ д а й д а қ о л д а н ы л а д ы :

1. Осы Қосымшада әрбір еске алған кезде Ақы төлеу рәсімін қоса алғанда, Токиода валюта айырбастау бойынша операцияны жүзеге асыратын уәкілетті банк "Банк-Токио-Мицубиси", Токио болып табылады.

2. Заем алушының аумағындағы валюта айырбастау бойынша операцияны жүзеге асыратын уәкілетті Банк, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тағайындаған банк болып табылады.

3. Ақы төлеу Рәсімнің 2 (b)-тармағында айтылған әрбір ақы төлеуді және оны пайдалануды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

(a) берушілерге төлемдер бойынша

(i) тауарлар, олардың саны және қойылған немесе қойылатын бағалары көрсетілген берушінің шот-фактурасы;

(ii) шот-фактурада көрсетілген тауарларды беруді растайтын құжат; және

(iii) берушіге өндірілетін төлем күнін және сомасын растайтын құжат.

(b) мердігерлерге немесе консультанттарға төлемдер бойынша

(i) мердігер немесе консультант орындаған жұмыс көрсетілетін мердігердің немесе консультанттың шот-фактурасы;

(ii) байланыстырушы немесе консультант орындаған жұмыс туралы Ұйымдастырушы-Орындаушы қол қойған анықтама; және

(iii) мердігерге немесе консультантқа өндірілетін төлем күнін және сомасын растайтын құжат.

4. (a) Заем алушы БАНККЕ Заем алушы үшін осындай төлем күні осындай төлемге байланысты қызмет үшін ақы төлеу ретіндегі төлем сомасының нөл бүтін оннан бір пайызына (0,1%) тең жапон иеніндегі соманы төлейді. БАНКТИҢ төлемі осы рәсімге сәйкес Заем алушыдан қызмет үшін алынатын ақы төлеуді алғаннан кейін жүргізіледі.

(b) Қызмет үшін осындай төлемнің сомасына тең сома Заем қаражатынан қаржыландырылады және БАНК тез арада Заем алушы өзіне-өзі үшін ақы төлеу күні қызметке ақы төлеу түрінде осындай соманы төлейді. Заем қаражатының есебінен осындай төлем Заем туралы Келісімнің шарттары мен ережелеріне сәйкес Заем алушының әрекет ететін және байланыстыратын міндеттемесі болып табылады.

5. Ақы төлеуге Сұрау салу сомасы жапон иенімен беріледі.

6. Ақы төлеу Рәсімінің 2.(a)-тармағына қарамастан, осыған Жапония Халықаралық Даму Банкінің Нысанына-SSP сәйкес Ақы төлеу Ақпары қоса беріледі.

Заңи сұраунамаға қатысты түсіндірмеге қосымша тармақтар

- Бізге Қазақстан Республикасы Президентінің N 2679 Жарлығын және 3 сәуірдегі заңи сұраунамаға алдыңғыда жауапта айтылғандардың ағылшын тіліндегі берілген а у д а р м а с ы н б е р і ң і з д е р .

- Бізге Премьер-Министрдің орынбасарын Заем туралы келісімге және Сенімхатқа қол қоюға уәкілеттік беретін заңи құжаттарды олардың ағылшын тіліндегі аудармасымен ұсыныңыздар. Заңи сұраунамаға жауаптардағы түсіндірулерге қарамастан N 464-1 Заңда Премьер-Министрдің мәртебесі туралы айтылмаған.

- "Уәкілеттікті растау" заем алушының атынан Заем туралы Келісімнің орындалуына қажетті құжаттарды жасайтын, қол қоятын және ресми беретін тұлғаларға берілуі тиіс. Құқығы және уәкілеттігі бар заңи сұраунамада N 3 Нысаны түрінде берілген "Уәкілеттікті растау" дайындауға кімнің құқығы және өкілеттігі бар?

Заңи сұраунамаға жауапта Премьер-Министрдің орынбасары "Уәкілеттік Сертификатын" береді делінген. "Уәкілеттік Сертификаты" терминін пайдалана отырып, "Уәкілеттікті растау" ишара жасап

отырған сияқтысыздар?

- Заем туралы алдыңғы келісімдерде болған сияқты Заем алушы ауыстырылатын болды - "Қазақстан Республикасы" орнына "Қазақстан Республикасының Үкіметі" делінетін болды. Бұл неліктен екенін Сіздер түсіндіре алмайсыздар ма?

(N 5 нысан)

Күні

Сілтеме үшін нөмірі N

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАНКІ

Токио, Жапония

Басқарушының назарына:

Құрметті Мырзалар:

ЗАЕМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ БОЙЫНША ЗАҢДЫ ҚОРЫТЫНДЫ

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКІ (бұдан әрі "БАНК" деп аталатын) ұсынған Заемға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі "Заем алушы" деп аталатын) ОН АЛТЫ МИЛЛИАРД БЕС ЖҮЗ ОТЫЗ ТОҒЫЗ МИЛЛИОН (16,539,000,000) жапон иенінен аспайтын Заемның жиынтық сомасында, Заем алушы мен БАНК арасындағы 2000 жылғы 21 желтоқсандағы N KAZ-P4 Заем туралы Келісімнің шарттары мен ережелеріне сәйкес негізгі сома және оған қосымша (бұдан әрі "Заем туралы Келісім" деп аталатын) басқа Келісімдер ретінде, мен, төменде қол қоюшы, Заем алушының заң консультанты ретінде әрекет ете отырып,

мынаны растаймын:

Мен басқалардың арасында мына құжаттарды қарадым және зерделедім:

(a) қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен және Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ жылғы _____ жазбаша хабарламасын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы 2000 жылғы 1 сәуірдегі Ноталар алмасуды;

(b) Заем туралы Келісімді;

(c) _____ берілген, _____ жылғы _____ Өкілдіктерді растауды және Қол қою үлгілерін:

(d) басқа да құжаттарды;

(e) Заем туралы Келісімді жасауға, оған қол қоюға және ресми беруге Заем алушының құқығы мен өкілеттіктеріне қатысы бар Заем алушының еліндегі барлық заңдар мен ережелерді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен осымен мына төмендегілерді растаймын:

1. Заем туралы келісім (заңдар мен өкілеттіктер) сәйкес жасауға, оған қол қоюға және ресми беруге құқығы және өкілеттігі бар (тегі және лауазымы) жасағандығын, қол қойғандығын және ресми бергендігін.

2. Заем алушы (заңдар мен ережелерге) сәйкес елден тыс жерде уәкілетті тұлғаның шетел валютасындағы қаражатта заем алуға уәкілетті екендігін және Заем туралы Келісімнің шарттары мен ережелері ережелермен (заңдар мен ережелерге) сәйкес келетіндігіне.

3. Осының салдарынан Заем туралы Келісім тиісті түрде мақұлдағандығын

және жасалғандығын, Заем алушы және оның атынан қол қойылғандығын және ресми берілгендігін және Заем алушының оның барлық шарттары мен ережелеріне қатысты әрекет ететін және байланыстыратын міндеттемесі болып табылатындығын.

4. Заем туралы Келісімді орындау үшін қажетті рұқсат және барлық басқа рәсімдер, тиісті түрде алынғандығын және орындалғандығын.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРА ОТЫРЫП, мен, төменде қол қоюшы, төменде өз қолымды қойдым және өзімнің ресми мөрімді қоса қойдым _____ жылғы _____

Құрметпен,

Әділет министрі

(Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің нысаны - SSP)

Төлемдердің Жиынтық Кестесі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

Мәміле! Сатып алушы! Беруші! Берушінің ! Тауарлардың ! Санаты! Шыққан! Келісім-!

! ! ! Азаматтығы ! және/немесе ! ! жері ! Шарттың !

! ! ! ! қызметтердің ! ! ! Сомасы !

! ! ! ! сипаттамасы ! ! ! !

1.

2.

3.

4.

таблицаның жалғасы:

1 ! 9 ! 10 ! 11 ! 12 ! 13 ! 14

Мәміле! Төлем ! Төлем ! Төлемнің ! Сатып алу ! Қаржыландыру ! Төлем

! күні ! сомасы! Сипаттамасы! Тәсілі ! үшін ! коэффициенті

! ! ! ! ! Қолданылатын !

! ! ! ! ! сома !

1.

2.

4.

Төменде қол қоюшы, Жоғарыда санамаланған Беруші (-лер) және тауарлар және/немесе қызметтер Заем туралы Келісімдерге сәйкес қолайлы.

14-т. Ескерту Төлем коэффициенті : Қаржыландыру үшін
Қолданылған Соманың
Қатынасы, және Берушіге

жүргізілген валютадағы
Төлем Сомасы.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК